

Картотека №1

- 1.Бақылау: Күзгі жаңбырды бақылау.
Мақсаты: Күзгі жаңбырдың, жазғы жаңбырдан айырмашылығын айту. Жазғы жаңбыр жылы, күзгі жаңбыр суық, тез жаурайтынымызды әңгімелеу.
- 2.Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ айтқызу.
Ж. Смаков «Жау, жаңбыр»
Жаңбыр , жаңбыр жауасын,
Жанымызға дауасын.
- 3.Қимылды ойындар: «Күн мен жаңбыр»
Мақсаты: Балалардың көңіл күйлерін көтеру, шапшаңдыққа тәрбиелеу.
- 4.Көркем сөз:
Біз ойнайтын ауланың
Тазартасын ауасын
- 5.Еңбек: Киім шкафтарын, аяқ киім
сөресін реттеу.

Картотека №2

- Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау.
Мақсаты: Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету.
- Еңбек: Шашылған жапырақтарды жинау,
топқа апарып кептіру
- Балалармен жеке жұмыс: Ертегі оқып беру
«Ағаштар ұйықтайма?»
- Мақсаты: Ағаштарды бақылай отырып,
ертегіге қызығушылықтарын арттыру.
- Қимылды ойындар: «Ақ серек, көк серек»
Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа,
байқампаздыққа үйрету.
- Көркем сөз:
Қарай бер, Санай бер
Бояуы жүз , Келді күз

Картотека №3

- Бақылау: Жәндіктерді бақылау.
Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?
Мінекей, құмырсқаларды қарандаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.
- Еңбек: Біздің алаң.
Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау.
Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету.
- Жеке жұмыс: Тыйым сөздерді жаттату.
Мақсаты: «Суға түкірме », «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірге» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру.

Қимылдық ойын: «Ақ қоян»

Ойын барысы: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту Балалардың өз бетімен ойнауы:

1. Тығылыспақ.
2. Тартқышқа тартылу.
3. Допты қуалау.

Картотека №4

Бақылау: Ауа- райының салқындауын бақылау.

Мақсаты: Балаларға ауа –райы туралы мәлімет беру. жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру.

Жеке жұмыс: Өлең оқу.

Күзім-ау күзім –ау,

Мінезің бұзық-ау.

Жаңбырың сіркіреп,

Келгенің қызық –ау.

Еңбек: Құмдағы ойыншықтарын жинастыру.

Мақсаты: Балаларды тазалыққа баулу.

Қимылды ойын: Мысық пен тышқан.

Мақсаты: балаларды шапшаңдылыққа баулу

Дербес ойындар:

1. Өткеншек тебу.

2. Ирек жолмен жүру.

Картотека №5

Бақылау: ұшып жүрген құстарды бақылау.

Мақсаты: Балаларға құс немен қоректенеді, қандай пайдасы бар туралы түсінік беру. Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққа ұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру.

Жеке жұмыс: жаңылтпаш жаттау.

Ұшты-ұшты кім ұшты, Ұшты –ұшты құс ұшты.

Еңбек: Құстарға жем шашу.

Мақсаты: Балаларды құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Қимылды ойын: “Аққу-Қаздар”

Мақсаты: Балаларды шапшаңдылыққа, ептілікке баулу.

Дербес ойындар:

1. Тығылыспақ

2. Өткеншек тебу.

Тренинг: «Құс болып ұшайық».

Картотека №6

Бақылау: Желді бақылау.

Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру; салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру.

Еңбек: «Әдемі гүлдер»

Мақсаты: Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту.

Жеке жұмыс: Тақпақ. «Жел»

Мақсаты: Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.

Жел улейді у-у-у, Құйын келіп билейді зу-зу-зу

Қатты-қатты жел соқтығу-гу-гу,

Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.

Еңбек: ойын алаңын жинастыру.

Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгіштікке баулу.

Қимылды ойын: “Күн мен Жаңбыр”

Мақсаты: Балалардың қимыл қозғалыстарын арттыру, көңіл – күйлерін көтеру.

Дербес іс-әрекеттер.

Картотека №7

Бақылау: Жаңбырдың жауғанын бақылау.

Мақсаты: Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.

Мысалы; Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр.

Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай?

Төгіледі төбеден.

Көк теңізден құйғандай

Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр)

Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.

Еңбек: топтағы ойыншықтарды әдемі етіп жинау.

Мақсаты: Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Қимылды ойын: “Ақ қоян”

Мақсаты: Шапшаңдылыққа баулу.

Дербес ойындар:

1. Өткіншектебу.

2. Тартылғышқа тартылу.

Тренинг: «Біз тату баламыз».

Картотека №8

«Жылы жаққа қайтқан құстарды бақылау»

Мақсаты: Күзде тырнарлардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру.

Еңбек: жерге түскен жапырақтарды жинау.

Үлкендерге көмектесуге үйрету.

Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға, аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу.

Жеке жұмыс:

Сап-сары боп келе жатқан, Сезді мекен күзді олар Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырнарлар.

Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын молайтып , тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру.

Дидактикалық ойын: «Күзде не киеміз?»

Мақсаты: Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімкію үлгісін көрсете түсіндіру.

Дербес ойындар:

«Тәтті тоқаштар» пісірейік

«Мені қуып жет»

Картотека №9

Бақылау: Аула сыпырушының еңбегін бақылау.

Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау, күзгі жапырақтардың түсуі, оны адамдардың тазартуы туралы түсіндіре отырып, балаларға аула сыпырушы еңбегі туралы айтып білімдерін кеңейту.

Жеке жұмыс: мақал-мәтел оқып беру.

Кім еңбек етсе-сол тоқ. Еңбексіз өмір-сөнген көмір.

Еңбек: аула сыпырушыға көмектесу

Мақсаты: балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.

Қимылды ойын: Қояндар мен қасқыр

Мақсаты: Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу.

Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру.

Шарты: Бір бала қасқыр болады, ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады, ал қасқыр өзінің апанында жатады.

Балалардың өз бетімен ойнауы:

1. Өткеншек тебу.

2. Допты қуалау.

Картотека №10

Бақылау: Торғай мен Қарғаны бақылау.

Мақсаты: Балаларға құстардың түр түстерін тануға олардың немен қоректенетінін және олардың ұқсастығын, айырмашылығын айыруға үйрету.

Жеке жұмыс: Өлең оқу

Шыр –шыр еткен торғайды,

Қорғамаса болмайды

Кіп-кішкентай торғайлар

Ағаштарды қорғайды

Еңбек: Құстарға жем шашу.

Мақсаты: балаларды қамқорлыққа, құстарды аялауға, мәпелеуге тәрбиелеу.

Қимылды ойын: “Торғай болып ұшамыз”

Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа және ептілікке баулу.

Дербес іс-әрекеттер.

Картотека №11

Бақылау: Күнді бақылау.

Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле

(жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу.

Қимылдық ойын: «Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ»

Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу.

Еңбек: Гүл шоғы.

Мақсаты: Алаңдағы жапырақтарды жинап, олардан әдемі гүл шоғын жасау.

Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуұлы. «Бағдаршам»

Мақсаты: Бағдаршаммен таныстыру. Жолда жүру ережелерін түсіндіру.

Сақта көше тәртібін, Бағдаршамның ал «тілін»

Біліпт алдым мен де, Жасыл жанса, демде

Алға кетем лезде. Сары жанса, сабыр

Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл шоқтай,

Қаламын кілт тоқтай.

Балалардың өз бетімен ойнауы:

1.Төбешіктен-төбешікке секір.

2.Күн мен түн

Тренинг: «Күн шуағы».

Картотека № 12

Бақылау: Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.

Мақсаты: Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету. Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.

Еңбек: Шашылған жапырақтарды, жинау.

Ойын: «Қолшатыр»

Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.

Ойынның шарты: Күн деген кезде балалар ойынға шығады, ал балалар жаңбыр жауды деген кезде балалар қолшатырдың астына тығылады

Керекті құрал-жабдықтар: қолшатыр

Балалардың өз бетімен ойнауы:

1. Тығылыспақ.

2. Тартқышқа тартылу.

3.Допты қуалау.

Картотека №13

Бақылау: Аула маңындағы көліктерді бақылау.

Мақсаты: Балаларға көліктер туралы кең мағлұмат беру. Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау. Олардың түрлерімен таныстыру. Машина адам үшін, уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру. Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету.

Жеке жұмыс: Күз туралы таппақ айту.

Қамба толды астыққа

Алғыс саған алтын күз

Бір уыс дән шаштық та,

Қап - қап қауын алдық біз.

Еңбек: ойыншық камаз машинасымен құм тасу.

Мақсаты: Өз бетінше іс-әрекет жасауға үйрету.

Қимылды ойын: Машиналар

Мақсаты: балаларға көлі дыбыстарын, жүрістері салғызып үйрету.
Дербес іс-әрекеттер.

Картотека №14

Бақылау: ауа- райын бақылау

Мақсаты: Ауа- райының құбылысын бақылай отырып, күннің суыта бастағанын айтып түсіндіру, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.

Жеке жұмыс: Балаларға күз туралы әңгіме құрастыру.

Еңбек: жапырақтармен кішкентай бұталарды жинастыру.

Мақсаты: еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.

Қимылды ойын: Ұшақтар

Ойын шарты:

Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді.

Тәрбиеші «Ұшақтар ұшады!» деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады.

«Ұшақтар қона бастады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды.

Дербес іс-әрекеттер.

1.Төбешіктен-төбешікке секір.

2.Күн мен түн

Картотека №15

Бақылау: Балабақша маңындағы сарғайған шөптерді бақылау.

Мақсаты: балаларға күз мезгілінде күн салқындау себебінен шөптердің сарғайып, түсуін қадағалау.

Жеке жұмыс: балалардың жеке-жеке күз тралы жаттаған тақпақтарын сұрау.

Мақсаты: балалардың сөздік қорын байыту.

Еңбек: Сарғайған арам шөптерді жұлуды.

Мақсаты: Еңбек сүйгіштікке баулу.

Қимылды ойын: “Кім жылдам”

Мақсаты: Балаларды шапшыңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.

Дербес іс-әрекеттер.

Картотека №16

Бақылау: Кемпірқосақты бақылау .

Мақсаты: Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып , жаңбырдан кейін аспанда әшкейленген кемпірқосақ шығатыны туралы түсінік беру.

Түстерін ажыратып айту.

Еңбек: Біздің аула

Мақсаты: Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау .

Балаларды еңбексүйгіштікке баулу.

Жеке жұмыс: Жұмбақ:

Алдым да әр түрінен жібек жіптің , Аспанға әшкейлеп

Кесте тіктім. (Кемпірқосақ)

Мақсаты: Түстерді ажырата білу. Балалардың ой –өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру.

Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық».

Мақсаты: Балаларды ептілікке , шапшаңдыққа үйрету.

Дербес ойындар:

1.Әткеншек тебу.

2.Ирек жолмен жүру.

Картотека №17

«Күз көрінісін бақылау»

Мақсаты: Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру.

Еңбек: Ойын алаңы.

Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Өз алаңдарын таза ұстауға үйрету.

Жеке жұмыс: «Күз» өлеңі.

Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшелігін айтып, тақпақ жаттатқызып, сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту.

Көрінеді шалғайдан, Бел-белестер сарғайған.

Сары жапырақтар төгілген, Тоғайды да көрдім мен.

Қимылдық ойын: «Қашпа, доп».

Мақсаты: Ойын шартын сақтай отырып, топ болып ойнауға, қимыл-қозғалысын дамытуға , ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.

Дербес ойындар:

Қуаласпақ

Қояндар секіреді.

Картотека №18

Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау.

Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.

Еңбек: Жапырақтардан гүл шоғын жасау

Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру.

Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпақ

Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей.

Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей

Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту.

Ойын: «Аю жүрген орманда».

Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту

Қимылдық ойын: «Монданақ».

Ойын барысы: Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады. Ортаға біреу шығады. Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ, міне кетті монданақ», -деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды. Оны жасыра алмаған ойыншы ортаға шығады.

Картотека №19

Бақылау: Жаңбырды бақылау.

Мақсаты: Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.

Мысалы; Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр.

Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту.

Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.

Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай?

Төгіледі төбеден, Көк теңізден құйғандай

Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр)

Мақсаты: Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.

Ойын: «Айгөлек-ау айгөлек».

Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.

Балалардың өз бетімен ойнауы:

1. Сазбалшықтан «қала» құрастырайық.

2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік.

Тренинг: «Қолшатыр».

Картотека №20

Бақылау: Жәндіктерді бақылау.

Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады? Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.

«Қыстың қамын жаз ойла».

Еңбек: Біздің алаң.

Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау.

Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету.

Жеке жұмыс: Тыйым сөздерді жаттату.

Мақсаты: «Суға түкірме», «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірма» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру.

Қимылдық ойын: «Ақ қоян»

Ойын барысы: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту Балалардың өз бетімен ойнауы: